

ЯСАУИ МҰРАСЫ

Республикалық мәдени-танымдық газеті. 2016 жылғы 14 қазаннан шыға бастады. №9 (11) қазан 2017 жыл

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

ЭКСПО-2017 ТУРИЗМГЕ ЖОЛ АШТЫ



Гани БИТАСОВ,

Түркістан қаласындағы тарихи-мәдени-этнографиялық орталықтың ұжымы ЭКСПО-2017 халықаралық мамандандырылған көрмесін ташаулау барысында көзіміз анық жеткені көрмеді. Астанада өткізу – Қазақстанның негізгі ірі жобаларының бірі болғандығы. Мұндай ауқымды шара ТМД елдерінің арасында алғаш рет ұйымдастырылып отырғандығы, өз алдына, Еуразияның нақ кіндігінде, Қазақстанда өтуі – қазақ елін қуантқан шара болды. Жоспарланғандай-ақ, бүгінгі күннің басты тақырыбына айналған іс-шараның ауқымы өте кең болды. Көрме алаңындағы жұрт назарын аударған басты нысан – «Нұр Әлем» ұлттық павильоны. Ел аузында «шар тәріздес нысан» аталып кеткендей. Қазақстанның тарихы, мәдениеті, салт-дәстүрі, көрікті жерлері, сонымен қатар, елдің жетістіктерімен толықтай танысуға мүмкіндік беретін ғимарат болуымен құндылығы арта түскен. «Болашақ энергиясы» орталығын аралап, жүріп ерекше әсерге бөленгенімді айтпай-ақ қойсақ та болғандай. Одан кейінгі бізді өзіне баураған Түркия, Үндістан, Африка, Германия, Араб елдерінің павильондарын ташаулау барысында, жер аның келешегін көзге анық елестеттік. Ауқымды тақырыпты қамтыған «Болашақ энергиясы» адам жанына қайсар рух беріп, жаналықтары мен халықаралық деңгейдегі мол іс-шаралар орталығына айналдырды. Оның үстіне, біздер барған күні этноауылда Оңтүстік құндылықтарын отырғандығы, өз алдына, Еуразияның нақ кіндігінде, Қазақстанда өтуі – қазақ елін қуантқан шара болды. Жоспарланғандай-ақ, бүгінгі күннің басты тақырыбына айналған іс-шараның ауқымы өте кең болды. Көрме алаңындағы жұрт назарын аударған басты нысан – «Нұр Әлем» ұлттық павильоны. Ел аузында «шар тәріздес нысан» аталып кеткендей. Қазақстанның тарихы, мәдениеті, салт-дәстүрі, көрікті жерлері, сонымен қатар, елдің жетістіктерімен толықтай танысуға мүмкіндік беретін ғимарат болуымен құндылығы арта түскен. «Болашақ энергиясы» орталығын аралап, жүріп ерекше әсерге бөленгенімді айтпай-ақ қойсақ та болғандай. Одан

ӘЗІРЕТ СҰЛТАНДА «МУЗЕЙГЕ СҢЙ» АҚЦИЯСЫ ЖАЛҒАСЫН ТАПТЫ



«Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейі мен Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша соттар өкімшісі О.А.Аештаев ынтымақтастық меморандумына қол қойған меморандум.

Аталған меморандум аясында және «Музейге сый» акциясы негізінде Оңтүстік Қазақстан облысы Соттар өкімшісінің аппараттық қамтамасыз ету бөлімінің басшысы Кабыл Дүйсенбі Түркістанға арнайы келіп ХІХ-ХХ ғасырлардан сыр шертетін фото-суреттер мен соттардың мантыясын қорық-музейге табыстады.

Осы орайда, Түркістан қалалық сотының төрағасы Омар Серікбаев Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында көрсетілген бағдарламаларды жүзеге асыру барысында мәдени танымдық жұмыстар мен шығармашылық саладағы жан-жақты ынтымақтастықты құруға бағытталған шаралардың маңызы зор екендігін баса айтты.

«ТУҒАН ЖЕР - АЛТЫН БЕСІГІМ»

2017-жылдың 16-қыркүйек күні Оңтүстік Қазақстан облысы Шымкент қаласында Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласындағы «Туған жер» бағдарламасын жүзеге асыру мақсатында ұйымдастырылған «Туған жер-алтын бесігім» облыстық фестивалі аясында «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейі «Шежіре тұнған Түркістан» тақырыбында көшпелі көрме ұйымдастырды.



Көрмеге ортағасырда кең етек жайған қоладан, мыстан құйылған ХІХ-ХХ ғасырлардағы қазан, құман, көзделер, құман-самуарындар, ХІХ-ХХ ғасырлардағы ожау, шара секілді асханалық ыдыстар және т.б. этнографиялық жәдігерлер қойылды.

ДАРА ТҰЛҒА

ТАҒДЫРЛЫ ТҰЛҒА

(НӘЗІР ТӨРЕҚҰЛОВТЫҢ ТУҒАНЫНА 125 ЖЫЛ)

Өткен ғасырдың басында қазақ сахарасынан шыққан сауатты да саңлақ тұлғалардың өмірі мен қызметі бүгінгі өскелең ұрпақ үшін үлгі-өнеге ғана емес, тұтастай бір тәрбие мектебі. Халқымыздың әлемдік өрнектерге есік ашуына жол нұсқаған осындай біртуар азаматтардың шоғырында айтулы мемлекет және қоғам қайраткері, қазақтан шыққан тұңғыш дипломат Нәзір Төреқұловтың орны ерекше.

Г.СЕРІКБАЕВА,
ҚР мәдениет қайраткері,
ОҚО сәси қуғын-сүргін құрбандары музейінің директорының орынбасары

Тәуелсіздік туын көтерген еліміз басынан өткергенін білмейтін мәнгерлік ұқсамауы үшін өзінің өткен жолының бұраландарын, халықтың басына дұшар болған азап пен қорлықтың тұтамырын білу парыз. Бұл бағытта бізге халық үшін қабырғасы қайысып еңбек еткен, сондай әрекеттері Мәскеу билеушілеріне ұнамай, өмірлері ерте қырылған Алаш азаматтарының өнегесі таудай тірек бола алады. Солардың бірі ғана емес, бірегейлерінің қатарында болған мемлекет қайраткері, көпқырлы дарындылығымен артына құнды мұра қалдырған Нәзір Төреқұлов.

Нәзір Төреқұловты көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, Түркістан өкіметін құрушы, белсенді қозғалысшы. Ол – Түркістан «атты әскері» саяси басқармасының төрағасы, Қоқан қаласында Сөвлет хатшысы және ағарту комиссары, Ташкенттегі Түркістан майданы саяси басқармасы саяси курстарының оқытушысы және Түркістан Компартиясы Орталық Комитетінің жауапты хатшысы, Түркістан Республикасы Орталық Атқару Комитетінің төрағасы, Москвадағы КСРО Орталық Атқару комитеті жанындағы Орталық баспа басқармасының төрағасы, көпжылдар КСРО-ның Сауд Арабиясы корольдігіндегі Жәлдәдағы өкілетті елшісі қызметін атқарған қазақтан шыққан тұңғыш кәсіби дипломат, КСРО Ұлттар Кеңесінің жанындағы Орталық тіл және жазу ғылыми-зерттеу институтының ғылыми қызметкері, тұңғыш қазақ білім ордаларының негізін қалаушы, латыншаға көшуде тұңғыш әліппе кітабын жазған ағартушы-ғалым, түрік халықтарының жана алфавитке көшу жөніндегі комиссияның төрағасы, әмбебап білімді, халқымыздың біртуар ұлы, сталиндік репрессия құрбаны болған абзал азамат. 1958 ж. 28 қаңтарда үкім бұзылып ол толық ақталды. Мәйіті Москвадан 25 км. қашықтықтағы «Коммунарка» арнайы орынында «жаппай жазықсыз» аттылар мыңдаған жандармен бірге жерленген.

Нәзір Төреқұловты – 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс тарих сахнасына әкелген жана бұрын ұлт қайраткерлерінің бірі нәм бірегейі. Оның рухани жан әлемі халықтық салт-дәстүрден, ақындық өнерінен барынаша мол нәр тартқанына тәнті етеді. Ол Орталық Үкімет пен қалың бұхара арасын байланыстыратын баспасыз құралы болу керектігін жасық білген. Ол топтан озған журналист ретінде облыстық және республикалық газеттерде мақалаларын, фельетондарын жариялап

көзге түседі. Оның өмір жолындағы деректерге сүйенсек ол көптеген газет-журналдары өзі ұйымдастырған. Олар: «Халық сөзі», «Қызыл байрақ», «Түркістан», «Вестник просвещения и коммунистической культуры», «Қазақ мұңы», «Жана Шығыс», «Ферғана», «Иштракюн», т.б. газеттерімен бірге «Икилаба» («Революция») және «Темірқазық» журналдары.

Жалпы, Нәзір Төреқұловтың кім болғандығын, елге сіңірген еңбегін, не үшін «халық жауы» атанып жазықсыз Сталиндік саясаттың құрбанына ұшырағандығын бүгінгі саналы ұрпақ жете біліп жеткілікті танып алдық па? Биыл «Алаш» партиясының 100 жылдығына Алаштың асыл перзенті Нәзір Төреқұловтың 125 жылдығы тұспа-тұс келіп отыр. Ендеше, мерейлі тойдың алдында мерейгер туралы оқырмандармен ой бөлісу артықтық етес...

Нәзір Төреқұловты 1892 жылы қазанда Түркістан қаласына жақын жердегі Қандоз ауылында дүниеге келді. Әкесі Төреқұл мақта саудагері, білікті зан қызметкері еді. Анасы Гүлбаһрам аса діндар алам болатын. Нәзірдің ес білген шағында әкесі сауда-саттық қамымен Қоқан қаласына көшті. Баласының діни сауатты болғанын қалаған анасының зор ықпалымен Нәзір сауатын Қоқандағы «Жәділ» медресесінен ашды.

Бірақ заман ауанын ертерек антарған әкесі Төреқұл баласын кейіннен екі жылдық орыс-түземдік мектебіне түсірді. Нәзір бұл мектепті жақсы аяқтады. Сауданың ебін білетін еті тірі әке, енді, баласының Қоқандағы сөгіз жылдық сауда училищесіне түсуіне жағдай жасады.

Сөгіз жылдық сауда училищесін 1913 жылы 21 жасында аяқтаған Нәзір сол жылы Мәскеудің сауда институтына түсті. Мәскеуде оқып жатқанда Нәзір журналист мамандығына көңіл құлап, Орынбордағы «Қазақ» газетіне «Н», «Студент» деген лақап аттармен жазып тұрды. Осылайша ол Әлиханның, Ахметтің, Міржақыптың назарына ілігеді. Алайда, 1916 жылғы ақтақ «июнь жарлығы» Нәзірдің жоғарғы оқу орнын толықтай аяқтауына мұрша бермеді. Майдан тылының ауыр жұмыстарына жігілген қандастарына қамқор болып, көмек көрсету мақсатында Нәзір тылдағыларға жөн-жосық көрсететін нұсқаушы ретінде Минск ауданының батыс майданына аттанды.

Мәскеудегі оқуын тастап осында келген Нәзірді Әлихан Бөкейханов құшақ жап қарсы алды. Нәзір осында жүрген кезінде тек білімді үлкен ұйымдастырушы ретінде де жарықар көрінді. Ол «Еркін дала» атты жасырын саяси ұйым құрды. Ұйымның негізгі мақсаты – Шығыс халықтарының ұлт-азаттық қозғалысына



көмектесу, қара халықты жаппай сауаттандыру мененіет жолына ілгері бастыру үшін түрлі мектептер ашып, газет-журнал, кітаптар шығару болатын.

1917 жылы Ресейде ақпан төңкерісі болып, ақ патша тақтан құлатылды. Осы дүрбелең кезінде Батыс майдандан Орынборға оралған Н.Төреқұлов «Еркін дала» астыртын ұйымының алғашқы құрылтайын ұйымдастырды. Сол кезеңде, яғни 1917 жылдың қарашасы мен 1918 жылдың наурыз айында Орынбор, Ырғыз, Торғай уездерін аралап, сауат ашу үйірмелерін көптеп ашуға белсене ат салысты.

1918 жылдың көктемінде Түрік Республикасы басшыларының тікелей нұсқауымен Нәзір Орынборға аттанып, мұнда Кеңестар сөзі сыйлаған Торғай облыстық атқару комитетінің «Қазақ мұңы» газетін ашып басшылық жасайды. Алайда көп ұзамай Орынборды атаман Дутовтың бандалары басып алуы себебінен Торғай топырағындағы қазактар үшін ең үлкен қазынадай болған «Қазақ мұңы» газеті өз жұмысын ылажысыз тоқтатты. Н.Төреқұлов қайталан Түркістан өлкесіне оралып жана өкіметке қарсылық билдіруші басмашылар тобымен күресуде үлкен белсенділік жұмыстарын жалғастырады. Сөйтіп жас Нәзір жас өкімет үшін ең қажет қызметкер санына қосылды.

Орынбордағы Дутов оқиғасынан кейін Нәзір Ташкентке қайта оралып бой тасалай тұрға мөжбүр болады. Мұнда оған ұзақ уақыт жұмыс беріле қоймай жаз бойы Нәзір бос жүреді. Қоқанға да бармайды. Мұның басты себебі Нәзір бұл кезеңде большевиктерге ұнай қоймаған, себебі ол өзінде эс-эр партиясының мүшесі болатын. Соған қарамастан сол кездегі Мусбюро жетекшісі Тұрар Рысқұлов пен бюро мүшесі Ақмал Ибрагимов мұсылман еріктерін басқаруды Нәзірге сеніп тапсыру үшін Түркістан республикасы басшылығын көндірді. Нәзір большевиктердің қойған талабына орай қазан айында Қоқандағы большевиктердің бастауыш партия ұйымына мүшелікке кіреді. Осы жылы Қоқандағы әкесі Төреқұловты басмашылар өлтіріп кетіп інісі Қадір мен қарындасы Фатима өз қарауында еді. Қадір жастығына қарамай партияға мүшелікке өтеді.

Нәзір 1918-1919 ж. Ферғана облыстық

революциялық комитеттің төрағасының орынбасары әрі хатшысы, кейіннен көп ұзамай Ферғана ревкомның төрағасы қызметіне жоғарылатылды. Ол Ферғана ревкомының басшылық қызметінде небәрі бір жылға жетер-жетпес уақыт қызмет атқарса да артына өшпестей із қалдырып үлгерді. Ферғанадағы жана үкіметтің орнығуына, жас ұрпақтың қалыптасуына үлкен көмек көрсетті. Басмашылардың дүмпірін басып халық наразылығын бәсеңдетті. Сөйтіп, ең ақырында «Ферғана мәселесі» деген көлемді танымдық еңбек жазды. Осы жылдарда «Халық сөзі» газетасын шығарып «Жана Шығыс», «Ферғана» газеттерінде де редактор болды.

1920-22 жылдары Түркістан республикасының басшысы болып жүргенде Нәзір Төреқұловты 9 айлық алғашқы қазақ педагогика курсына ашты. Кейін де өзінің тікелей басшылық жасауымен бұл оқу орны тұңғыш педагогикалық училищеге, 1920 жылдан бастап тұңғыш қазақ педагогика институтына айналды.

Нәзірдің тағы бір ерекше қыры оның ұлтжандылығы болатын. Ол өз ұлтын, оның салт-дәстүрін сүйе білді және оған барынаша ықпалаттылықпен қаралы. 1921 жылы жыл сайын мұсылмандар арасында аталып өтетін құрбан айт мерекесін өзі қол қойған I тамыздағы Қаулыға сәйкес 3 күн демалыс күні деп жариялады. Оған қоса Түркістан өлкесіндегі демалыс күнін жексенбиден жұма күніне ауыстыру туралы №14 декретке қол қойды.

Кенес үкіметі орнағаннан кейін басшылық қызмет иеленгендердің көбі дін мәселесіне қырын қарағаны белгілі. Ал Н.Төреқұлов діннің алам баласы тарихындағы өзгеше мәнін ауп бастан-ақ анық түсінген, сондықтан да белсенділердің дүрмегіне қосылмаған, діннің қасиетін жоғары бағалаған. Мұны ол өзінің көптеген «Ислам және коммунизм» сияқты мақалалары мен баяндамаларында қадап айтып ұғындырып отырады.

1919 жылдың орта шенінде Нәзір Төреқұлов Түркістан АССР-ның орталығы – Ташкентте РКП(б) мұсылман ұйымдары Түркістан өлкелік бюросының ұсынысымен баспа – редакциялық бөлімді басқарды. Оған бұл қызметті өзінің әріптес досы Тұрар Рысқұлов ұсынған болатын. Қызметтес бола жүріп Т.Рысқұлов та Нәзірді қатты құрметтеген. Оның білімдарлығына, ойшылдығына тәнті болып, өзі ұзақ сапарға кеткенде білікті Нәзірге сеніп тапсырған, осы тұстан бастап Т.Рысқұлов екеуінің тығыз араластығы басталды.

Кейіннен Нәзірді аяғынан шалуға дайын жүрген жаулары «Рысқұловшылық» деген лақапты тартумен кінәлайды. «Рысқұловшылық» кейіннен де оның қыры сонынан қалмай жүріп ақыры түбіне жетіп тұнды.

1922 жылдың аяғында Нәзір Төреқұловты жана түрік алфавиті жөніндегі Орталық комитеттің комиссиясының мүшелігіне сайланды. Дәл осы кезеңде Шығыс халықтарының жазуын латын әрпіне ауыстыру мәселесі Мәскеудің күн тәртібінде тұрған болатын. Көп ұзамай Нәзір Мәскеуге СРО халықтары Орталық баспасы басқармасының төрағасы қызметіне ауыстырылды, яғни Шығыс елдерінің кіндік баспасына жетекшілік жасап, әрі жазуды латын әрпіне көшіру жөніндегі комиссиясының төрағасы болып тағайындалды.

Латыншалау ісінің басы-қасында да Н.Төреқұловты талдай-талдай тартыстар, даулы пікірлер болды. Соның бір күесі – 1926 жылы Баку қаласында өткен туорология мәселелері жөніндегі кенес. Осы бас қосуда қазақ халқының атынан Ахмет Байтұрсынұв, Нәзір Төреқұловты және басқалары сөз сөйлейді.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ «ЯСАУИТАНУ-2017» БАЙҚАУЫ ӨЗ МӘРЕСІНЕ ЖЕТТИ

2017 жылдың «Түркістан түркі әлемінің мәдени астанасы» деп жариялауына орай Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі, «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейінің ұйымдастыруымен Түркі әлемінің жалпы білім беретін оқу орындарының 6-11 сынып оқушылары арасында «Ясауитану» халықаралық байқауы өтті.



Жыл сайын ұйымдастырылатын байқауға Қазақстан, Түркия, Әзбекстан және Қырғызстан елдерінен үздік 42 оқушы қатысып, білімдерін сарапқа салды.

Білім және өнер сайысының мақсаты – Қожа Ахмет Ясауидің рухани мұрасы мен ілімін, «Әзірет Сұлтан» кесенесіне жерленген дара тұлғалардың елі үшін атқарған еңбектерін, сондай-ақ, Түркістан қаласының тарихы мен Әмір Темір дәуірінен қалған құнды ортағасырлық

жәдігерлерді және музей ісін насихаттау. Осы орайда, Түркі әлемі жас дарындарының сайысына екі кезеңнен тұратын іріктеу сындарынан жеңіске жеткен оқушылар қатысты.

Сайысқа қатысушылардың білімін сарапқа салған қазылар алқасына «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейінің директоры Нұрболат Ахметжанов төрағалық етсе, Халықаралық ТҰРКСОЙ ұйымының төраға орынбасары Фурад Фурташ,

«Әзірет Сұлтан» қорық-музейінің бас редакторы Әбдікерім Манапов, Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ- түрік университетінің профессоры теолог, философия ғылымдарының докторы Досай Кенжетай, «Әзірет Сұлтан» қорық-музейінің бас қор сақтаушысы Нұржамал Әшірбекова төрелік етті.

Бірінші кезеңде хикметтерді еш мүдірмей жатқа айтудан сығна түскен үміткерлер дарындылықтың ерен үлгісін көрсетті. Екінші кезеңде Қазақ хандығының тарихына, Қожа Ахмет Ясауи бабамызға, «Әзірет Сұлтан» музейіне қарасты тарихи ескерткіштер мен жәдігерлерге қатысты сұрақтарға жауап берді.

«Халықаралық байқауды ұйымдастыру себебіміз – Қожа Ахмет Ясауи бабамыздың мұрасы мен ілімін насихаттау, жастарды патриоттық рухқа тәрбиелеу, Елбасымыз «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласындағы «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» және «Жаһандағы заманауи қазақстандық мәдениет» атты жобаларын жүзеге асыру болып табылады» - делі қорық-музей директоры Нұрболат Ахметжанов.

Аса тартысты өткен «Ясауитану» байқауының екі кезең қорытындысы бойынша Оңтүстік Қазақстан облысынан келген Қараман Ажар бас жүлдені (150 мың теңге), ал, Ақмола облысынан келген Ока Жанат бірінші орынды (100 мың теңге) иеленді. Екінші орынға қол жеткізген Қызылордалық хикметші Ақыбаев Нұрсұлтан және ОҚО келген Сейтқұлова Роза әрқайсысы (75 мың теңге) марапатқа ие болды. Келесі жүлде үшінші орын иелеріне келетін болсақ, Түркістандық хикметшілер Хақимова Роза, Мажитова Дияра және Ақмола облысынан келген Дәулетхан Дінар III – орынға, әрқайсысы (50 мың теңге) ие болды. Жұлде қорынан он



оқушыға ынталандыру сыйлығы ретінде 20 мың теңгеден жұлде берілді.

Байқауға қатысқан Қырғызстан, Түркия, Әзбекстан елдерінен келген оқушыларға және Қазақстанның түкпір түкпірінен келген сайыскерлер мен шәкірт тәрбиеленген ұстаздарға қорық-музей өкімшілігі тарапынан алғыс хаттар мен бағалы сыйлықтар табысталды.

Қазақ халқының рухани тұтастығын қалыптастырған, Түркі халықтарының рухани ұстазы Қожа Ахмет Ясауи бабамыздың хикметтері мен ілімін насихаттап, өскелең ұрпақты ұлы баба мұрасын терең меңгеріп, зерттеуге ынталандырып, жас өркеннің интеллектуалдық пайым-парасатын арттыратын бұл байқау әлі де өзінің жалғасын табады.

Дәулет САЯНҰЛЫ

ЕЛ ЕРТЕҢІНІҢ БАСТАУЫ - РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

2

ОРТАҒАСЫРЛЫҚ СЫҒАНАҚ - ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫНЫҢ АСТАНАСЫ

3

ҚОРҚЫТ АТАНЫҢ НАҚЫЛ СӨЗДЕРІНІҢ ТӘРБИЕЛІК МӘНІ

4

ТАҒДЫРЛЫ ТҰЛҒА

← 1

Нәзір Төрекүлдү «түркі тілдес халықтар бір тілде сөйлеу керек (ортақ тіл), бір алфавитті пайдалансын» деген И.Гаспринскийдің пікіріне қарсы шыққан. Ол «әр халықтың өз жазуы, өз фонемалық жүйесі болады» деген пікір берген.

Ол 1924 жылы жазған «Жаңа әліппе үлкендер үшін» атты еңбегінде араб әріптерінің орнын қазақ дыбыстары дәлірек қамтитындай етіп жөндегенін латын алфавитіне негізіндегі жаңа әріптерді ұсынған және бұл жаңалықтың қазақ мәдениетін озық елдермен жақындастыра дамытуға мүмкіндік беретінін дәлелдейді. Сонымен бірге латыншаға қошу баспаханалық мұқтажыңдан да туындайды. Яғни, арабша жазудың газет-журнал, кітаптарды түптегенде, әріптерді тергенде үлкен ыңғайсыздық туындатқандығымен бірге баспахана бозауының шығынының латыншаға қарағанда қазақ сияқты кедей елге тым қымбатқа түскендігі басты себеп болады. «Жаңа әліппе» (Мәскеу, 1924) кітабында, түріктанушылардың I съезінде (Баку, 1926) сөйлеген сөзінде келтірілген кең салыстырулар, сенімді, дәйекті дәлелдер оның түркі тілдерінің табиғатын қанықталып терен танығандығын айтылады. Ол қазақ және басқа мұсылман түркі халықтарына ескі араб әліппесінің орасан зор қызмет атқарғанын біле, бағалай отырып, дамудың жаңа кезеңінде латын алфавитіне қошу қажеттіліктерден туып отырғанын білгір баяндайды.

Нәзір Төрекүлов 1922 жылы В.И.Лениннің қабылдауында болғанда автономия алған жергілікті халықтар тілін мемлекеттік дәрежесіне көтеру мәселесін күн тәртібіне қойған. Бұл отаршылдық саясаттың зардабын езіліп, жанышылған, жоғарғы оқу орындары былай тұрсын, бастауыш білім беру міндеті де толық шешіліп болмаған кезінде

келешегін ойлап айтылған батыл да әділ пікір еді. Оның «көп шетел сөздері, терминдер қазақ тіліне қазақ тымғағын кимей кіріп барады. Басқаның сөзін бұзбай айтамын деп тіліңді бұрап өз тіліңнен айырылып қаларсың...» деген сөзі бүгінгі күнге дейін маңызды жоғалтқан жоқ.

Езіліп «Ұлы ма? Оф ба?» атты макаласында «...ов-ты қойып, «ұлы, қызы» дегенге ауысқан дұрыс. Анаған да, мынаған да еліктей беру жақсы емес, әр ұлттың өз бет-бейнесі болуы қажет. Біздің қазақтың бұрын оқығаны төреге еліктеген, еліктеп жүріп сары түймеге жерік болған. Сары түйме тағып, оп-оңай төре болғаны осы күні мықыннан алты атараға жерік: оп-оңай коммунист болғаны. Әсіре қызыл болмау керек», - деп қадап айтып ұлтқа деген жанашырлығын білдіреді.

Қайраткерлікке тола өмірінің сан жылдарын өз ұлтының діні мен тілі, салт-дәстүріне арнаған уақыт зырылдап өтіп жатты. Елді жаппай сауаттандыру, жаңадан оқу орындарын ашу, үгіт құралдары арқылы қараңғы халықтың санасын жаңғыртып, оларды ояту мәселесі, түрлі есептік баяндамалар, мақала, зерттеулік еңбектер жазумен де айналыса жүріп қазақ азаматтары арасынан зиялыларды тәрбиелеуді бір сәт ұмыт қалдырмады.

Нәзір 1922 жылы Мәскеуге ССРО халықтары Орталық баспасы басқармасының төрағасы қызметіне ауыстырылады. Бұл жұмысқа да ол білек сыбана кірісіп түркі халықтарының тілдерінде алуан түрлі құралды кітаптар шығаруға басылық етеді. Ең ерекше айтылатын мәселе – Нәзірдің осы кезінде қазақтың ел ағалары Әліхан Бөкейхановты, Ахмет Байтұрсынұвты, Мағжан Жұмабаевтарды қызмет арыстарын шығармашылық қызметке тартып ұлкен қамқорлық көрсетуі де еді. Себебі, ұлтшыл атанып, совет үкіметі басшыларының және қазақтың жандайшап белсенділерінің қырына алынып, шеттетіліп жүрген тұлама

қайраткерлерді аялап, қамқорлық көрсетуге ол кезде екінің бірінің жүрегі дауаламайтын еді.

Нәзір Төрекүлдүнің бүкілодақтық баспаны басқарған кездегі істерінің ерен болғандығын бүгінде мұрағат құжаттары анық дәлелдейді. Бұл кезең тағдырлы тұла, Алаштың асыл перзенті Нәзір Төрекүлдүнің өмірбаянының жарқын беттері. Оның өмірінің соңғы кезеңі де мейлінше тосын әрі ғыбратты. Ол 1928 жылы Совет Одағының Сауд Аравиясындағы бас консулы болып тағайындалады, ал 1932-1936 жылдарда ССРО-ның Сауд Аравиясындағы толық өкілетті елшісі болады.

Тұрақты және өкілетті елші болу оңай жұмыс емес еді. Әсіресе, 20-шы жылдары халқымыз ауыр кезеңдерді бастан өткізіп жатқан.

КСРО құрылғанымен, алғашында оны көп шетелдер тани қоймаған-ды. Әсіресе, Батыс мемлекеттері Мәскеуге дипломатиялық, саяси, сауда байқотын жариялады. Мұның өзі бас мемлекет үшін ауыр соққы болатын. Дереву Шығыс елдерімен байланысты, ыңғайтып, жүніежүзілік аренаға шығу мәселесі күн тәртібінде тұрды. Міне, осы тұста жақ Кеңес өкіметін шетелге таныту, оның сыртқы саясатын дәл де дұрыс жеткізе білу екінің бірінің қолынан кәле бермес шаруа болған-ды, соған қайыспай шыдаған Нәзір Төрекүлдү болды.

Шығыс елдерімен бірінші болып отаршылардан өз тәуелсіздігін алған Сауд Аравиясы патшалығына (бұрынғы Хиджаз пен Недж корольдігі) дипломатиялық қарым-қатынас орнату белгілі шығыстанушы, мемлекет қайраткері Нәзір Төрекүлдүна тапсырылуы тегіннен тегін болған.

Ол Сауд Аравиясындағы тұрақты және өкілетті елші қызметін абыроймен атқарғанын соса сол елдегі елшілердің арасында ең құрметті, ең сыйлы адам болып дуанай дәрежесінде немеленгені тарих куәландырады.

Бұл кезде Кремльде Сталиннің жан алғыш машинасы іске қосылып, «Халық жауларының» алдыңғы толқыны атылу жазасына бұйырылып жатқан болатын. Әрине, Н.Төрекүлов шалғайда жүргендіктен болып жатқан жағдайлардың көбінен бейхабар еді. Оның жалғыз ғана тілегі болды: Ол туған жерге оралып, сағынышын басу, сонан соң денсаулығын түзеу еді...

1935 жылдың аяғында Н.Төрекүлов «басқа жұмысқа ауысуына байланысты» Мәскеуге шақырылды. Алайда, оған «басқа жұмыс» беріле қоймады. «1936 жылдың 3 қаңтарында Н.Төрекүловты КСРО-ың Геджастағы өкілетті Өкілі міндетінен босату туралы» КСРО ОАК Президиумының шешімі шықты. Саясаттан көнілі суыған, оның үстіне денсаулығы нашарлап, керек ауруына шалдыққан Н.Төрекүлов қалған құрбының ғылымға арнап, тыныштықта өткізгісі келді. Осылайша, ол КСРО Ұлттар кеңесі жанындағы Орталық тіл және жазу ғылыми-зертханалық институтына аға қызметкер болып орналасты. Алайда, бұл кезде НКВД үйінде: «Серафимович көшесі 2-үй, 309-пәтерде тұратын Нәзір Төрекүловтың үйін тінтіп, өзін тұтқындау туралы» № 2891 ордер әзірленіп жатқан еді. НКВД жөндері оны 1937 жылдың 17 шілдесінде тұтқындады.

«Нәзір Төрекүлов 1931 жылдан бері Кеңес өкіметін құлатуды көздейтін антисоветтік пантюркистік диверсиялық-террористік ұйымның белсенді мүшесі болған. Сотталушы Төрекүлов аталған ұйымның жетекшісі Тұрар Рысқұловпен тығыз қарым-қатынаста болып, оның тапсырмасы бойынша Түркия барлаушысы Мұстафа Жавадпен байланысып, Түркия мүддесі үшін тыңшылық жасаумен айналысқан».

Үш айдан аса мерзімге созылған тергеу амалдарынан кейін, яғни 1937 жылдың 3 қарашасында КСРО Жоғарғы сотының Әскери коллегиясының жабық отырысында Нәзір Төрекүловқа үкім шығарылды.

«Орталық Атқару Комитеті жанындағы Тіл және жазу институтының бұрынғы аға қызметкері, 1892 жылы туған Төрекүлов Нәзір Төрекүловтың қылмыстық ісін қарай келе, РСФСР Қылмыстық Кодексінің 58-1 а, 58-8,

және 58-11 статьялары бойынша бойынша оны қылмысты деп таныған, КСРО Жоғарғы Сотының Әскери Коллегиясы үкім шығарды: «Төрекүлов Нәзір Төрекүлдү ең жоғарғы қылмыстық жаза – ату жазасына кесілген. Дүние-мүлкі тәркіленсін. Үкім үзілді-кесілді, қайта қарауға жатпайды, КСРО Орталық Атқару Комитетінің 1934-жылғы 1-қапанындағы қаулысына сәйкес тез арада орындалуы тиіс».

Нәзір Төрекүлов үкім шыққан күні, яғни 1937 жылдың 3 қарашасында Мәскеу қаласында атылды. Зайыбы – Төрекүлова Нина Александровна – күйеуі атылардан бір күн бұрын тұтқындалған болатын. «Халық жауының» әйелі ретінде Қазақстанға Ақмолааның «Алжир» лагеріне жер аударылды.

Н.Төрекүловтың жарқын да, жұлдызды, тағдыры ғұмырынның ұлттымыздың рухани жетіліп, өркендеуі үшін маңызды зор, тағмылы ерекше. Бүгінде Н.Төрекүловтың елімізге, ұлтымызға сіңірген ерен еңбектерін бағалап, көптеген мектептерге, көшелерге оның атын қойып, құрметтеп, еске алуға. Оның өмір жолы мемлекеттік және дипломатиялық қызметтері зерттеліп, зерделенуде.

Жеке адамға табынудың құрбаны болған Н.Төрекүлов үлкен білімпаз, қажымас қайраткер, аяулы азамат еді. XX-ғасырдың басында жасаған мұндай ірі азаматты, тағдыры тұлағы асте ұмытуға болмайды. Нәзір атамыз әрдайым біздің назарымызда.

Биылғы Нәзір Төрекүловтың 125 жылдығына орай қараша айының басында облыстық мәдениет басқармасы және облыстық саяси қуғын-сүргін құрбандары музейінің ұйымдастыруымен мерейгердің туған жері Түркістанда «Алаштың асыл перзенті» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция өтеді деп жоспарлануда. Конференция қарсаңында «Нәзір Төрекүлов: құжаттар мен материалдар жинағы» кітабы басылып, «Нәзірдің жұлдызы» атты деректі фильм түсірілуде. Жұырда ғана Мақтарал ауданы Асықта кентіндегі №121 мектепке Нәзір Төрекүловтың есімі беріліп, мүсіні қойылды.

ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ МҰРАСЫНАН

9-ші ХИКМЕТ ҺУ АЛҚАСЫ

*Һу алқасы құрылды,
Ей, дәруіштер, келіңдер.
Хақ сатырасы жайылды,
Одан үлес тереңдер.
«Қал» ғылымын оқыңдар,
«Хал» ғылымын етіңдер.
Жоқтыққа шым батыңдар,
Барлыққа шын жетіңдер.
Жырт пердесін түнектің,
Тілеп Хақтың Дидарын.
Ашып көзін жүректің,
Көзбен көріп шаның,
Һу арасын алыңдар,
Нәпсі басына салыңдар.
Күні, түні еңіреп
Хаққа құрбан болаңдар.
Алқа шінде һу деңдер,
Ғашық отына жаныңдар.
Тәкпір айтып бір деммен,
Кәусарына қаныңдар.
«Һу, һу», деп, зар еңіре,
«Һу» демекте мағына бар.
Жетіп Хақтың кеніне,
Ақ жолыңды таңдап ал.
Құл Қожа Ахмет құл болған,
Жол үстінде құл болған.
Одан гыбат алғанның
Жүрегіңде Нұр жанған.*

«НЫСАНДАР АСТАНА АЖАРЫН АЙШЫҚТАП-АҚ ТҰР»

ЭКСПО-2017 халықаралық мамандандырылған көрмесінің өз шымылдығын жапқанына да бірнеше аптаның жүзі ауды. Көрмені тамашалауға Оңтүстік Қазақстан тарихи-мәдени этнографиялық орталығынан бір топ өріптестеріміз де барып қайтқан еді. Орталық директоры Гүлжанат ДҮЙСЕНБЕБАДАН алынған арнайы тілшіміздің шағын сұхбатын назарларыңызға ұсынамыз.



Гүлжанат Ибраһимқызы, ЭКСПО-дан алған әсерініз?

– Сөзбен жеткізу мүмкін емес, Астана ЭКСПО-2017 көрмесі әсілінде баламалы энергия көздерін дамытуға энергияның тұтыну тиімділігін озық тәжірибелермен байытуға, көліктерді электрлендіруге, экологиялық таза энергияға көшіліктің қолжетімділігін арттыруға бағытталған қызықты жобалардан тұрады екен. «XXI ғасыр – жаңа технология мен жаңа энергия ғасыры» – деуіміз де сондықтан. Көрме павильондарын аралап жүріп біраз жайға қанықтық. Қанша дегенмен көрмені өткізуді ел емеспіз бе, «Нұр Әлем» Қазақстан павильоны өзгелерден оқ бойы озық тұр. Негізінде Елбасының ЭКСПО-2017 халықаралық көрмесінің тақырыбы «Болашақтың энергиясы» деп дәл болжаған көрегендігіне тәнті қаласыз. Бүгінде біз көріп отырғандай, шикізат өндіретін көптеген мемлекеттер мұнай бағасына еріктік тәуелді болып отырғаны ешкімнен жасырын емес. Мәселен, Германия да жаңғырмалы энергия көздері арқылы өндірілген электр қуаты елдегі бүкіл электр энергиясының 85 пайызын құрайды екен. Осы елден Голландияға баратын пойыздардың 70 пайызы жел энергиясының күшімен жүретініне қалай таң қалмайсыз. Биылғы жылы бұл көрсеткішті 100 пайызға дейін жеткізу жоспарланған көрінеді. Жалпы алғанда, қазір әлемдегі дамыған елдер балама энергия көздерін пайдалануға өте жоғары көрсеткіштерге қол жеткізуде. Сонда біздің көрмеден ұтарымыз не? Көрмедегі барлық жетістік атауды күні өртен біздің елімізде қолданыса түсіп жатса нұр үстінде нұр емес пе?

– Біздің Елорамызда өткен ЭКСПО-2017 халықаралық көрмесінің басты ерекшеліктері неде деп білесіз? Ертен көрме аяқталған соң инфрақұрылымдық нысандар қаныған бос қалмақ па екен? Қалай ойлайсыз?

– Бұған қосыла кету қиын. Елбасы тапсырмасын қатаң ұстанған жобалаушылардың, көрме басшыларының мәлімдеуіне еліміз үшін бұл жоба нақты мүмкіндіктерге толы болмақ. Осы тұста ең алдымен, ЭКСПО-2017 көрмесі мамандарға, оның ішінде жастарымызға даңғыл жол ашатындығын атап айтуға тиіспіз. Бұған дейінгі басқа елдерде өткен көрмелерде қатысушы мемлекеттер көрме ғимаратын, жабықтары өздері құрастырып соңыра көрме аяқталған соң өздері жинап алып кетеді екен. Ал, ЭКСПО-2017 көрмесіндегі барлық нысандар тубегейлі салынған ғимараттар болғандықтан халық игілігіне жұмыс істейтін болады. Сфера ғимараты Болашақ музейіне айналады екен. Мұнда энергия

тақырыбы, ғарыш, күн, жел, су энергиясынан бастап, кинетикалық энергияға дейін толық көрініс табатын көрінеді. ЭКСПО-2017 көрмесінің аясында қол жеткізілген барлық жетістік атаулы көрме мұрасына айналады. Бұл біздің еліміздің ұтымды ойластырғаны десе де болғандай. Осы бағытта үздік саналатын Корея елінің тәжірибесі көрме барысында кеңінен қарастырылған. Зәулім де әсем ғимараттарда мектеп жасына дейінгі балаларға және 24 жасқа дейінгі жастарға арналған орталық ашылмақ. Мектеп жасына дейінгі балалар осы орталықтарда мамандық, қызмет таңдау деген ұғымдармен танысады. Кезі келгенде өздеріне қажетті дұрыс мамандықты таңдай алады. Балалар бүлдіршін кездерінен бастап өрт сөндіруші, дәрігер, құрылысшы, аспаз сияқты мамандықтармен етене танысады. Шындап келгенде «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» - дегеніңіздің өзі осы емес пе. Салынған нысандар Астана ажарын айшықтап ақ тұр.

– Көрме аясында өткен мәдени іс-шараларға көңіліңіз толды ма?

– Ол не дегеніңіз, түрлі қойлымдар, спорттық жарыстар, концерттік бағдарламалар көрерменнің еріксіз баурап алады екен. 6000-нан астам шараларды қаншама адам тамашалады десеніңіз. Елді, жерді таныту осындай-ақ болар. Ұлттық салт-дәстүріміздің қаймағын бұздырмай тұрғыстар тағамына ұсыну – еліміздің бұл салада да әлеуетін осы жолы шын байқатын деп білемін.

– Сұхбатыңызға рахмет!

Сұхбаттасқан
Д.ҚОЖАМҒРАТОВ



Ел ертеңінің бастауы - рухани жаңғыру



Берік БАИБОЛОВ,
Қазақстан Журналистер
Одағының мүшесі

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласында көрсетілген «Жаһандық заманауи қазақстандық мәдениет» жобасын негізге ала отырып, «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейі Мәңгілік Ел идеясын ұстанған ұлтымыздың тарихи мен мәдениетін, руханиятын насихаттау жұмыстарын тың серпінмен қолға алып отыр.

Бүгінгі таңда аталмыш жоба аясында атқарылған жұмыстар өзінің оң нәтижесін беріп отыр. Қаншама тарихи нысандардың орны анықталып, археологиялық зерттеулер жүргізіліп, тарихи орындарға ашық аспан астындағы экспозициялар құруға мүмкіндіктер ашылууда. Аршылған нысандарды қалпына келтіру ел игілігіне асыру мақсатында «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейі аумағында орналасқан «Хан ордасы», «Хан мешіті» орындары мен «Мұсапаш», «Тәжик», «Жеті ата», «Дарбаза» қақпалары тұрғызылған болатын. Енді өткен тарихымыздан сыр шертетін орындарға арнайы жолдар салынып, экскурсиялық бағыттар ашылатын күн де алты емес.

Осы орайда ортағасырлық рухани ескерткіштердің бірі «Қылует» жерасты мешітінің экспозициясын да жаңа заман талабына сай етіп қайта жасақтау кезек күттірмейтін мәселе. Бұған дейін де Қылует жерасты мешіті музейінде «Ислам дінінің тарихы» тақырыбында экспозиция құрылған болатын. Алайда, ислам діні тарихы кең ауқымды тақырып болғандықтан экспозиция өз деңгейінде толық ашылмағандығы, жөдігерлері де жеткіліксіз болғандығы да еш жасырын емес. Осыған орай, олқылықтың орнын толтыруға 2015 жылы Қылует жерасты мешіті музейіне бірқатар реконструкция жұмыстары жүргізілді. Әлі де төмендегідей жұмыстар алдын-ала атқару кезегін күтуде:


1.Музей еденіне төселген қыштарды қайта ауыстырып жанаулау.

2.Ашық аспан астында орналасқан ошақтардың орындарын қайта қалпына келтіру.

3.Қазба кезінде табылған құдықтар мен ташнаулардың (септик) орындарын сол заманға сәйкестендіру.

Айта кету керек ортағасырға тиесілі бұл рухани кешен ерекше тәрбиелік мәнге ие. Кешен он сегіз бөлмеден тұрады, күн кешуге және құлшылық-ғибадаттың атқаруға қолайлы жағдай жанақты қарастырылған. Қылуетте Қожа Ахмет Ясауи салдырған бір адамдық «Ғар» бөлмесіне қоса «Мешіт» бөлмесі, «Жамағатхана» бөлмесі, «Шаруашылық» бөлмесі, «Құжыра» бөлмесі, ыстық су дайындайтын, «Тахаратхана» бөлмесі ерекшелігімен көзге ұрады. Орыс ғалымы В.А.Гордлевскийдің «Концепции истории Туркестанского святилища» еңбегінде «Қылует» мешітінің қонақ үйлері мен жылқы байлайтын ат қоралары да болғандығы жайлы мәлімет келтірілген.

Тарихқа үңілсек, «Қылует» деген ұғым



X ғасырда пайда болған. «Қылует» сөзі арабша «Халуәтүн» – жалғыз, жеке өмір сүруге ұмтылу» деген сөзден шыққан, сонымен түркмен тілінде «Қылует» – «құпия» деген мағына беретіндігін ғалым С.М.Давыдов өзін «Суфизм в Туркмени» деген еңбегінде жазды. «Ислам, Энциклопедия словарь» кітабында «Қылует» ұғымы суфизмнің бір саласы ретінде X ғасырдан бастап түркі тілдес халықтар арасында пайда болып, XIV ғасырға дейін Таяу шығыс пен бүкіл мұсылман әлеміне кең етек жайғандығы жазылады. Алайда пайғамбарлық уаһи болғанға дейін Мұхаммед (с.а.у.) жеке үндіре жиі-жиі оқшауланғандығын да есте естен шығармауымыз қажет секілді.

Қожа Ахмет Ясауи өмір сүрген XII ғасыр тұсында сопылықтің ілімін қарашайым халық қана емес ірі дін өкілдері мен билеуші топ өкілдері де мойындағанын, ислам дінінің түркі халықтары арасында таралуы мен орнығуына үлкен әсер еткендігі байқалады. Қожа Ахмет Ясауидің шәкірттері ұтасы Маулана Сафи ад-дин Орын Қойлақының «Насабнама» қолжазба шежіресінде Ахмет Ясауидің әкесі Ибраһим шайықтың өзі отызға жуық «Қылует» мешіттеріне шәкірт баулығандығы айтылады. Ал, Қожа Ахмет Ясауидің өзі елуден аса «Қылует» жұмысына басылық жасап, төл шәкірттерін шартарапқа дін билеуі үшін аттандырып отырғандығы айтылады. Сонымен қатар, аталмыш қолжазбада Садр шайықтың баласы Данышпаш Зарнуқи (Қожа Ахмет Ясауидің інісі зир шәкірті) «Түркістанда қырық жыл қылует мешітінде қызмет етіп, ұстазы Қожа Ахмет Ясауи оны Отырарға жіберіп, онда қырық жыл қылует мешіттерін басқарып, жетпіс жеті Қызырмен сұхбатта болғандығы және Отырарда мәңгіге тыныс тапқандығы» жазады.

Тарихшы, ғалым М.Тұяқбаев «Түркістан сырлары» кітабында түркі деңгейде «Қылует» мешіттерінің міндетін атқарған «Кіші Қылует», «Құмшық ата», «Шілдеханна», Шәмет Ишан мешіті, «Имам Марғұзи» мешіті құрылыстарының қалдығы осы күнге дейін сақталғандығын,

соңғы жылдары «Құмшық ата», «Шілдеханна», Шәмет Ишан мешіті, «Имам Марғұзи» мешіттері қайта қалпына келтірілгендігін, «Кіші Қылует» «Үлкен Қылует» сияқты тарихи орындардың 1942 жылы бұзылып, кірпіштері май заводын («Анти-биотик») салуға жұмсалғандығын жазаған.

Қылует мешітіне жүргізілген археологиялық қазбалардың есебіне сүйенсек, екінің бірі дүниежүзілік соғысы жылдарынан кейін «Қылует» жерасты мешітіне бірнеше археологиялық зерттеулер жүргізілген екен. 1972-1973 жж. Археология институты мен Мәдениет министрлігі бірлесіп, белгілі археолог Т.Н.Сенигова қазба жұмысын жүргізуді тапсырған. Т.Н. Сенигова 1942 жылы бұзылып алынған құбырларының ізін табу мақсатында археологиялық барлау – (траншеялық әдіспен) жүргізген. Қазба нәтижесінде табылған керамикалық және стратиграфиялық материалдарға сүйеніп, бұл құрылыстың салыну мерзімін ХV-XVI ғғ. деп анықтайды. Алайда, Т.Н.Сенигова «Қылует» мешітінің ең көне бөлігін дәл есептегені жерастындағы «Ғар» бөлмесінің іші-сыртына стратиграфиялық зерттеу жүргізгендігін, осының салдарынан алып кешеннің датасын анықтауда өрескел қателік жібергені кейінгі зерттеуші археологтар Е.Смағұлдов, Қ.Итенов, М.Тұяқбаевтар анықтап берді.

«Ғар» сияқты жеке адамның өмір сүруіне арналған бөлмелер Түркістандағы Қарнак елді мекенінде, Сайрам мешіт құрылысында, Маңғыстау өңіріндегі Шопаң ата мешіті, Бекет ата мешіті, Шапқак ата мешіті, Сұлтан Үмі мешіті, Бұхарадағы Бахауддин құрылыс кешенінде, Пискент ауданындағы «Янтак» селосында, Самарқандағы Шахи Зинда құрылысында, Ташкенттегі Зайнутдин – баба кесенесінде және Құсама инб-Аббас кесенесінде кездеседі. Сондай-ақ, Маулана Сафи ад-дин Орын Қойлақының «Насабнама» еңбегінде мұндай мешіттер Отырарда және Сырдың батыс бетіндегі Зеруік (Узсынды) қаласында да болғандығы айтылған.

Археолог, ғалым М.Тұяқбаев «Түркістан сырлары» кітабында: «Қожа Ахмет

Ясауи өмір сүрген «Ғар» бөлмесінің ерекшелігі «балх» әдісімен қаланған төрт қырлы күмбезбен жабылған. Қабырғаларының ұзындығы 135х135 см., биіктігі 175 см. Құрылыс 25Х25 см кірпіштерден бір жарым қатар қалыңдықпен қаланған, жер бетінен 4-4,5 метр тереңдіктегі аса ылғалды бөлме. Қабырғаның екі шетінде май шым қойтын орын да қарастырылған деп жазаған.

1929 жылы орыс ғалымы В.А.Гордлевскийдің түркістандықтардан естіген дерегіне сүйенсек, қысқы шілде (25 желтоқсан – 5 ақпан аралығы) кезінде Түркістанға Орта Азия мен Кавказдан 25 мыңдай адам жыл сайын жиналып, Қылуетке түсетін болған. Қылуетте қырық күн құлшылық жасаған. Сол кезде бүкіл Түркістан халқы зияратшыларға ас-су тасыған. Одан бөлек Құмшық ата мешіті, Шілдеханна мешіті және Қарнак елді мекенінде орналасқан «Имам Марғұзи» мешіттерінде де осы үрдіс жалғасқандығын атап өткен. Маулана Сафи ад-дин Орын Қойлақының «Насабнама» еңбегінде әлі қалыптасқан адамдар жазғы шілде және қысқы шілдеде түсіп, онда қырық күн діни білімін жетілдіріп, қырық бірінші күн шығатындығын атап өткен.

<

АҢЫЗДАР ҮНДЕСТІГІ

Айнұр ЖАНЫСБАЕВА,
экскурсовод

Ауыз әдебиеті мен тарих ғылымының бір саласы – аңыз. Жалпы кай аңыздың да түпкі ақиқат шындығы бар. Негізінде қандай аңызды да халық жоқ нәрседен алмайды. Түркістан өңірінде көп айтылатын аңыздардың ішінде көп айтылатыны Жылаған ата мен Ұқаша ата туралы аңыздар. Мақалада осы аталған аңыздарды сарапқа салып, олардың өзге аңыздармен өзара үндестігін көрсетеміз.

Жылаған ата үңгірі, Жылаған ата бұлағы – Қаратау жотасының Жылаған ата шатқалында, Абай елді мекенінен солтүстікке қарай Жылаған ата өзені бойында орналасқан үңгір. Оңтүстік Қазақстан облысындағы Түркістан қаласынан 80 км-дей жерде. Үңгір аузының биіктігі 3 – 4 м, ені 8 – 9 м, тереңдігі 50 – 60 м шама-сында. Ол бір кездері тау жартастарының құлауынан пайда болған. Шатқалдан төмен түскенде өзеннің сол жағалауында биіктігі 10 – 12 м жартаста диаметрі 15 – 18 см болатын қуыс көрінеді. Осы қуыстан оқтын-оқтын су атқылап тұрады.

Жылаған ата аңызы былайша өрбейді: Ерте заманда Құрышхан және Шап ана деген ерлі зайыптылар өмір сүріпті. Құрышхан және Шап ана күні-түні ұйықтамай құдайдан бала тілепті. Бір күннің арайлы таңында Шап анамызға қарт ақсақал түсіне кіріп, аян беріп, бойына бала бітеді, бірақ, аздап қиыншылығы да бар дейді. Көп ұзамай, ұзақ күткен Шап ана бойына бала бітеді. Ол заманда қуаныштық болып жұрт көшіп-қонып жүрсе керек. Құрышхан ата мен Шап ана да қазіргі «Игілік», аталған елді мекеннің жеріне келіп тұрақтайды. Осы жерде күндердің күні ай күніне тозпаған Мес (перделі бала), туылып, жерге түскен соң жарылып, қазіргі Абай елді мекені мен Игілік ауылы арасында орналасқан

«Үржар» деген қырдың үстімен өтіп, Ақтөбе өзеніне түсіп қаша береді. Құдайдан тілеп алған баласынан айрылған ата-ана: «Токта балам!»-деп, артынан қуа береді. Бала Ұятып тауынан өтіп, Қоғашықтан асқан соң, қазіргі үңгірге (Жылаған ата үңгірі) кіріп, ата-анасына «Арқаларыңа қарамаңдар» деген екен. Сонымен, қазіргі Абай (бұрын «Ақтөбе» аталған) ауылының тұсына келгенде «неге қарама» деді екен деп әке байтұс артына қараса іздерін қуалай топан су ағып келеді екен. Әкесі қараған заматтан бастап су сол жерге бірден сіңіп кеткен екен. Қазір де су сол жерге дейін ағып келеді де жоқ болады. Бұл қазіргі Ақтөбе өзенінен ағып келетін Абайдағы су қоймасы орыны.

Бұл аңызда ең басты назар аударатын жайт баланың мес болып дүниеге келуі. Мес болып дүниеге келген бала жайлы бірнеше аңыздар баршылық, біз соның екіуіне тоқтап кетейік.

Бірінші нұсқа – көне түркі елінің батыры, Тұран елінің патшасы Афрасиабтың да туылуы дәл осы Жылаған атаның дүниеге келуіне ұқсас. Иран аңызы бойынша Шах Пашан (патша) жас шағында Әле Писе Жаудың қызына қатты ғашық болып әкесінің батасын алмай тұрып сүйген қызына үйленеді. Тоғыз ай, тоғыз күн дегенде ұлды болады да оған «Афрасиаб» деген есім қояды. Негізінде ол «Фарасиаб» немесе «Парасиаб» деген сөз еді. Кейінірек «Афрасиаб» болып аталып кеткен. Өйткені, кіндік шешесі Афрасиаб сәбидің қап тәрізді болып туылғанын көреді. Зәо де (толғатып жатқан әйел) анықтап қараса, сәбидің орнына қанға толы бір қан туғанын көреді. Кіндік шеше үрейленіп, қанға толы қапты патша сарайының ортасынан алып шығып, ағып жатқан арықтың жағасына апарып, қапты пышақтың ұшымен теседі. Кенет келбеті мен колдары шынғағына дейін қызыл түсті қанға боялған сәбиге оның көзі түседі. Қолын сәбидің бетіне тігітсе қанға малының



қалғанын байқайды. Қан болған қолын арықтың суына жуайын деп арыққа жақындағанда су ағысының қарқыны күшейіп, сәбиді қолынан ағызып әкетеді, содан су ағысымен бала дірменнің қоймасынан бір-ақ шығады. Оны дірменші тауып алып ашыққан сәбиді жана күшіктеген итке емізеді. Нәрестенің суға ағып кеткенін, кіндік шешесінің шыр-пыр боп жүргені Шах Пашантың құлағына жетеді. Шах нәрестені тауып алып келу үшін жауынгерлерін жан-жаққа жөнелтіп, ақыры олар баланы тауып алады. Нәрестеге қаншық сүтін еміздіргені үшін дірменшінің басын

кесуге бұйырады. Шах өзінің жұлдыз жорамалшылары мен хәкімдерін жинап сәбидің болашағын болжап беруді сұрайды. Олар Афрасиаб ер жеткен соң жаман мінездерінің бәрі оның бойынан көріне бастайтынын айтады. Шынында, ол өсе келе қанішер, жауыз адам болады. Соғыс кезінде жаулары оны «қаншық сүтін ішкен», «дірменшінің табалдырығында өскен» деп атай бастайды. Сол себепті де есімін «Ферасиаб немесе «Пәрасиаб» (яғни «дірмен ұығы») деп қойған. Кейінірек Афрасиаб болып өзгерген екен. Соңынан соғыс

ОРТАҒАСЫРЛЫҚ СЫҒАНАҚ - ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫНЫҢ АСТАНАСЫ

К.М.ЖЕТІБАЕВ,
Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ
Археология ғылыми-зерттеу
орталығының директоры, тарих
ғылымдарының кандидаты, профессор

Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласының тарихи мәні саяси реформа мен экономикалық жаңғыру бағдарламасын Қазақстандық қоғамды және әр қазақстандықты рухани жаңғырту арқылы жалғастырады. Тек жаңғыру білімді және рухани бай халық қана сыртқы әсерлерді дұрыс қабылдап, оған жауап бере алады. Соның ішінде, рухани жаңғыру тек бүгін басталмағанын да атап өтті.

Елбасының бастамасымен 2004 жылы «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында Қазақстан аумағындағы тарихи-мәдени ескерткіштер мен нысандардың зерттеу жұмыстары және 2013 жылы «Халық – тарих толымында» бағдарламасы арқылы әлемнің ең белді архивтеріннен тәл тарихымызға қатысты құжаттарды жүйелі түрде жинақтап, зерделеу жұмыстары жүргізілді.

«Мәдени мұра» бағдарламасы аясында 2009 жылдан Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық казак-түрік университеті, Археология ғылыми-зерттеу орталығы Сырдарияның орта ағысында орналасқан өз кезінде қыпшақтардың (XI-XV) одан кейін Ақ Орданың, одан кейін казак хандығының астанасы болған атақты қалалардың бірі – Сығанақ қалашығында кешенді археологиялық зерттеу жұмыстарын жүргізіп келеді.

Қала Қызылорда облысы Жаңақорған ауданы, Сунак ата ауылының 1,5 км батысында орналасқан.

Х ғ. атакты араб ғалымы Ал-Идриси Сырдария бойындағы қалаларының көптігін жаза келіп, олардың ішіндегі Сауран, Сүткент, Сығанақ қалаларын ірі қалалар еді, ал, Сығанақ нағыз сауданың қайнаған ортасы деп ерекше көрсеткен болатын. Сығанақ қаласынан XIII-XIV ғғ. зиялы білімді ғалымдар да шыққан: Шайқы баба Сығанаки алғаш Хорезмде тұрса, кейін осы Сығанақта тұрған. Бұл қаладан Хусам ад Дин ас Сығанаки осы ғалымның үлкен ата-сы Нисамиддин де (1132-1199) өмір сүрген. Бұл ғалым өзінің атакты діни шығармалары «Нихая» мен «Хидая» кітаптарын осы қалада жазған.

Мұхаммад Шайбани ханның хатшысы атакты тарихшы Фазал Ибн Рузбихан (XVI ғ.) Сығанақ қаласының жанынан Дешті Қыпшақ басталады дейді. Сонымен бірге ол Сығанақты Дешті Қыпшақтың астанасы деп жазады. Олар бұл қалада сауда жұмысының дамуына ылғи да қызу араласады дейді. Шындағында қыпшақтар мен кимактар Сығанақ қаласында және оның аймағында тұрақты тұрған.

Ибн Рузбихан Сығанақ қаласы «аймақтың солтүстік жағындағы жердің жанаты» деп сипаттаса, қала Дешті Қыпшақтың шекаралық бекеті бүкіл әлемге аумағының кеңдігімен, қауіпсіз әрі тыныш болуымен даңқы шыққан дейді. Деректерге қарағанда Сығанақ Тұран аймағының ірі сауда орталығы болса, қала тау өзендері мен және Сырдариядан тартылған Тұман арығымен суландырылып егіншіліктің де орталығы болған.

Қыпшақтар XII ғ. Хорезм мемлекетімен және Орта Азияның қалаларымен байланыс жасап, сауда-саттық дамып, қала экономикалық жағынан дами бастайды. Алайда, XIII ғасырдың басында монғол-татар шапқыншылығына ұшырып әсерінен қала толығымен талқандалады. Қала тұрғындарын қырғынға ұшыратады. Отырардан кейінгі көп бүліншілікке ұшыраған қала Сығанақ қаласы болған. Оның басты себебі, қаланы алуға келген Жошы хан өзінің елшісін жіберіп, өз еріктерімен берілсе қала тұрғындарына ешбір қиямет жасамайтындығын айтқызды.

Жошы хан жіберген елшісі Хасан жожа деген түрік болған. Оны Сығанақтықтар сатқын деп өлтіріп қояды. Бұған ыза болған Жошы хан жеті күн шабуыл жасап, қаланы 1219 жылы алып оған ойран салған. Жазба деректердегі хабарларда қаланың тұрғындарын түгелдей қырғызған. Алайда екінші бір деректерде Жошы хан қаланың әкімі етіп, Хасан қожаның ұлын сайлап қояды. Бұл хабарға қарағанда, қаланың тұрғындары түгелдей қырылмаған. Сол шапқыншылықтың салдарынан қала өз қалпына 80 жылға жуық келе алмаған. Оны қаланың жүз жылдан астам уақыт ешбір жазба деректерде кездеспейтін де байқауға болады.

Археологиялық зерттеулердің материалдарына қарағанда қала XIV ғасырдың басында қайта жандана бастаған. Бұл кез Ақ Орданың ханы болған Ерзен ханның кезі, белгісіз автор Искендірдің дерегіне қарағанда Ерзен хан қалаларға мешіт, медреселер салдырған. Өзі Сығанақта каза болып, осы қалаға жерленген. Міне осы Ерзеннің кезінде қалада ақша шығарылып, сауда жұмысы жанданған. Сығанақта да мешіт, ханәка (ғибадатхана) медреселер салынған. Қаладан табылған теңгелерге қарағанда Орыс ханның кезінде жаңа Сығанақта ақша шығарылған.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық казак-түрік университеті жанында құрылған «Сығанақ археологиялық экспедициясы» (САЭ) қалада жүргізіп жатқан ғылыми жұмыстарының материалдарына қарағанда қаланың экономикалық жағынан дамуы, XIV ғасырдың екінші жартысында айтарлықтай дамығандығын дәлелдеп отыр. Оның басты дәлелі әкі мешіт пен сағананың ашылуы. Ал, қаланың солтүстік батыс жағынан Ерзен ханның кесенесінің (мавзолейінің) табылуы. Бұл ғимараттарға 2009 жылдан бастап ашық аспан астындағы мұражайға айналдыру жұмыстары басталды.

XIV ғасырдың соңғы ширегінде Әмір Темірдің араласуымен Ақ Орданың басына Токтамысты хан етіп отырғызған, Сығанақта Токтамыс өз атынан 1380-ші және 1383

жылдары ақша шығарған. Ақ Орданың ханы болған Ерзен ханнан бастап Мұбарак, Орыс, Токтамыс хандар кезінде Сығанақ астана болып тұрғанды одан ақша шығарылып, сауда-саттықтың орталығы болған.

XV ғасырдың басындағы жазба деректерде Сығанақ қаласының аты жиі жеткізедіп отырады. Бұл кезде қала Әмір Темірдің немересі Ұлықбектің қол астында біраз жылдар болғандығы хабарланады. Бірақта Барақ хан Ұлықбекке жіберілген елшілерінде «Менің атам Орыс хан Сығанақта тұрып, сонда әр түрлі ғимараттар салғызып, қаланы өзіне астана еткен, сондықтан оның жайылымдықтары да заң бойынша да, әдеттік құқық бойынша да маған тиесілі» дейді. Бұған қарсы болған Ұлықбек Барақты қарсы соғысып, жеңіліс табады. Барақ Сыр бойындағы қалаларға ие болады. Оңтүстік дешті Қыпшақты және Ақ Орданың астанасы Сығанақты біржолата өзінің қарамағына алады. Алайда Барақ ханның аяқ астынан белгісіз жағдайда каза болуы Сығанақ қаласы уақытша Шайбани ұрпағы Әбілхайыр (1428-1468 жж.) ханның қол астына өтуге мәжбүр болады. Хан Сығанақтың әкімі етіп Мане оғланды тағайындаған. Енді осы кезден бастап Орыс ханның ұрпақтарымен Әбілхайыр ханның немересі Мұхамед Шайбани (1500-1510 жж.) ханның арасында Ақ Орданың билігі үшін де, Сығанақ үшін де талас-тартыс басталады. Қала бірнеше рет қолдан-қолға өтіп экономикалық жағынан нашарлай бастайды. Қала үшін тартыстың бір сәті жазба деректерде сакталған. Мәселен Қазак ханы Бұрындық Сығанақты алуға келгенде қаланың әкімі Қазы Садыр ал Ислам тағы да басқа қаланың көрнекті адамдары жиылып ақылдасып бұл қала бұрыннан Бұрындық ханның ата-бабаларының қолында болған, сондықтан қаланы оған берсек тыныштық болады деп, қақпасын ашып кілтіп Бұрындық ханға береді. Міне осы кезден бастап Сығанақ қаласы қайтадан казак хандығының астанасына біржолата айналады.

XVI ғасырдың басында Фазлаллах ибн Рузбиханның хабарына қарағанда Сығанақ қаласы қыпшақтардың астанасы болған. Сығанақ базарына базар күндерінде 500 түіе түсіп кешке дейін бір түіе қалмай сатылып кететін сауда дамыған үлкен қала деп жазады. Ал басқа ірі кара мен ұсақ малдың қанша болғандығына есебі болмаған. Сонда бұл хабарламадан соңғы орта ғасырдағы казак хандығының дәуірлей бастаған кезіндегі қаланың аты шыққан кезі деп болжам жасауға болады. Ал, Сығанақтың XI-XII ғасырлардың орта кезіндегі Қыпшақ хандығының астанасы болғаннан бері есептейтін болсақ, қыпшақ тайпасы казак халқының негізгі этникалық құрамының бірі. Олай болса, Сығанақ қаласы халқымыздың халық болып қалыптасуына да, мемлекет болып құрылуына да алғашқы басты бір астанасы болғандығында ешбір дау болуы мүмкін емес. Фазлаллах ибн Рузбиханның Сығанақ қаласына беретін сипаттамасында қала Дешті Қыпшақтардың солтүстік жағында орналасқан өте жайлы, адамдардың өмір сүруіне өте қолайлы қала еді дейді. Қала орналасқан аймақтың өзі табиғи жағынан да адам баласының тіршілікке қажетті барлық мүмкіндіктерді пайдалануға, егін шаруашылығына да, мал өсіруге де қолайлығын жазады. Қаланың суландыру жүйесін Сейхун (Сырдария) өзенінен Тұман тайпасының адамдары Тұман арығынан оман (канал) тартылып, қала аймағының көкпенбек бау-бақшаға оралып жатқанын көрсетейді. Оның ішінде жайылып жүрген аң-құстардың молдығы молшылықтың белгісіңдей. Сығанақтықтар ет керек болса, бірәтте мойындарына садақтарын асынып барып бір ақбөкенді атып келіп қажеттіліктерін тындырады. Керек болса қысқы еттерін аның етінен дайындап

сүрлеп алады. Олар үшін аң еті өте арзан. Ақбөкен дегенде қалаға қазба жүргізіліп жатқан жерден ақбөкеннің бас сүйектері, асықтары өте көп кездеседі. Әсіресе мүйіздерін аралап сыртқы қабығын алып тастап ішіндегі өзегінен дәрі жасағандары да байқалады. Оны «мускус» деп атаған. Мұндай тәсілдер Қаратаудың солтүстігіндегі қалаларды қазғанда да толық байқалады. Қалаға Дешті Қыпшақтан Ходжа-Тархан жатқан көптеген бұйымдар, мал әкелінді, әсіресе семіз қой, жылқы, түйелер, құндыз, тіннен жасалған ішкітер, керемет мықты ақ қайынан жасалған садақтар, жібек маталар т.б. қымбат заттар әкелінді. Түркістан, Мавереннахрдан, шығыстан Қашкар саудагерлері де қалаға қымбат бағалы заттарын әкеліп қыпшақтармен айырбас сауда да қызу түрде жүргізілді. Сауда кезінде ешбір талас-тартыс болмайды. Қала тұрғындары онша көп емес, олардың арасында садақтарын мойындауына асынып алған әскери адамдар, олар тыныштықты сақтап жүргендер. Көпшілігі казактар оларда әркімнің бір-біріне қарым-қатынастарының дұрыс болуына тілектестік білдіріп жүргендер. Жалпы қалаға жан-жақтан әр түрлі елдерден саудаға байланысты адамдардың көптеп келуіне қарамастан, қалада тыныштық сақталып, адамдарға өмір сүруіне өте қолайлы болған.

Рузбиханның хабары бойынша қалада казактар туралы айтуы алғаш рет баяндалады. Бұдан Жәнібек пен Керейдің Жетісу аймағынан оралып Ақ Орда билігін өз қолдарына алып, Сығанақта билік жүргізгендеріне көреміз. Сондықтан да, екі ханның ұрпақтары мен Әбілхайыр ханның немересі Мұхамед Шайбани ханның арасында шайқастар XVI ғасырдың соңына дейін болып Сыр бойындағы қалалар қолдан-қолға өтіп ақыр соңында казактардың қолына біржола қарап Мұхамед Шайбани ұрпақтары Орта Азияға біржола ауып тынады. Бұл кез XVI ғасырдың басы Мұхамед Шайбани хан өзін қолдайтын түркі тілдес

ру тайпаларымен Самарқандты басып алып, сонда түпкілікті орналасып Озбек хандығын құрады. Ал Ақ Орданың ата билігін Барақтың ұрпақтары казак хандары Керей мен Жәнібек жалғастырып кетеді.

Қазак хандығының әлемге әйгілі бола бастағандығын Сығанақ қаласынан шыққан теңгелердің археологиялық зерттеу кезінде дүние жүзінің төрт бұрышынан табылғанын көреміз. Тенгетану ғылымының маманы Ә.Х.Марғұлан атындағы археология институтының аға ғылыми қызметкері Р.З.Бурнашеваның зерттеуіне қарағанда XIV ғасырдың соңғы кезіндегі Сығанақтан шығарылған күміс және мыс теңгелер Сырдария бойындағы және Еділ бойындағы қалалардан табылған. Отырар қаласына жүргізіліп жатқан қазба зерттеу жұмыстарының кезінде Сығанақтың теңгелерінің 1371-1372 жылдары шыққан 12 тал теңгелер табылған. Мұндай теңгелер Еділдің орта ағысындағы және Қана бойындағы қалалардан 1380-1400жылдары соғылған теңгелер табылған. Ал, Қазан уезінің Сосновка ауылының атындағы № 197-ші қоймандан Сығанақта 1375-1376 жж. жасалған күміс теңгелер табылған. Алтын Орданың астанасы Сарай қаласына 1996-2000 жж. жүргізілген археологиялық зерттеу жұмыстарының кезінде табылған теңгелерді ішінде Сығанақта шығарылған күміс теңгелер шыққан. Бірақ та жазуын оқу мүмкін болмаған.

Мұндай дәлелдерді көптеп келтіруге болады. Теңгелердің әр жердегі қалалардан табылуы Сығанақ қаласының дүниенің төрт бұрышымен сауда қарым-қатынасын үзбей жүргізіп отырғанын байқатады. Сондықтан да, Фазлаллах ибн Рузбиханның Сығанақ қаласы Дешті Қыпшақтардың астанасы болды деп бекер айтаған. Соңғы кездегі Отырар мен Құйрықтөбе қалаларынан табылған мыс теңгелердің XV ғасырдың соңында XVI ғасырдың басында Сығанақта шығарылғанын көрсетеді. Жазуын оқуға мүмкіндік болмағанымен жасалу жағы мен формасының ұқсастығы ақшаның Сығанақта шығарылғандығына ешбір күмән туғызбайтындығын Р.З.Бурнашева дәлелдер келтіре отырып жазған. Ал, бұл мезгіл Сығанақтың Қазак хандығының астанасы болған кез.

XVI ғасырдың аяғындағы жазба деректерде Бұкар ханы Абдуллах ханға қарсы көтеріліс кезінде Сығанақта және оның аймағындағы тұрғындар казак сұлтандарына қосылып оларға өздерінің бағыныштылығын білдіріп Өгізтаудағы (Қаратаудың оңтүстік жағындағы казактар тұрған қала) казактарға барып, одан Түркістанға, одан Сауранға барып бірін-бірі қолдап өзбек ханына қарсылықтарын білдірген. Ал, Сығанақ қаласынан табылған құжаттардың ішінде қала маңында тұратын халықтың құрамы түркілерден және казактардан тұрады, олар мал және жер шаруашылығымен қатар айналысады деген хабарлар шаруашылықтың мұндай түрімен XII ғасырдан бері қарай қыпшақтардың Сығанақты алған кезінен жалғасып келе жатқандығы байқалады. Ал, XVI ғасырдың аяғынан бастап Оңтүстік Қазақстанның және оның аумағындағы қалалардың Қазак хандығының қарамағына өтуі астананың Түркістан қаласына 1598 жылы өткендігін көрсетеді.

Сонымен, қорытындылай келгенде Сығанақ қаласы алғаш Қыпшақ хандығының, одан кейін Ақ Орданың, бұдан соң Қазак хандығының саяси әкімшілік, мәдени-экономикалық, әскери қорғаныс орталығы болған.

Бүгінгі таңда атын мәңгі сақтап қалу үшін қаладан ашылған мешіт-медресеге, Ерзен ханның кесенесіне, қаланың қақпасына және ашылған басқа да нысандарға қайта жаңғырту жасап, ашық аспан астындағы мұражай жасау ісі қолға алынды.



БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ ХАБАРЛАЙДЫ

ЛАТЫН ӘЛІПБИ - ЕЛ БОЛАШАҒЫ



«Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейінде Қазақстан Республикасының Парламентінде «Мемлекеттік тілдің латын графикасындағы әліпбиінің бірыңғай стандартын енгізу мәселелері туралы» өткен тыңдауына арналған жиын болып өтті.

«Әзірет Сұлтан» қорық-музейінің директоры Нұрболат Ахметжанов - «Әлемдік өркениет жетегіне ілесу үшін, Ұлы дала Елінің салт-дәстүрін, мәдени бай мұрасын өзгелерге кеңінен насихаттау үшін бізге латын әліпбиіне көшу күн тәртібіндегі өзекті мәселе, оны Елбасы Н.Ә. Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру»

атты мақаласында айқындап берген – деп пікірін білдірді.

Елбасының сындарлы саясаты, латын әліпбиіне көшу мәселесі қорық-музей қызметкерлері тарапынан бір ауыздан қолдауға ие болды.

«Парламент қабырғасында ұсынылған жаңа латын әліпбиінің нұсқасы әлі қоғамда сан мәрте талқыланады. Нақты нұсқа әзірге бекітілген жоқ, дегенмен «Жұмыла көтерген жүк жеңіл», - демекші ел болып, баршамызға ортақ іске атсалысу – ортақ парызымыз» – деп сөзін қорытындылады Нұрболат Ахметжанов.

«ӘЗІРЕТ СҰЛТАН» МУЗЕЙІНДЕ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯ ӨТТІ.



«Әзірет Сұлтан» қорық-музейінде Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласы аясында республикалық конференция өтті.

Шара «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейі және Түркістан қалалық мәслихатымен бірлесе ұйымдастырылды.

Конференция жұмысына ҚР Ардагерлер ұйымы Орталық Кеңесі төрағасының бірінші орынбасары Ө.Озғанбаев, белгілі ақын «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері» К.Бегманов, ҚР Ғылым Академиясының корреспондент-мүшесі М.Абишев, Облыстық мәслихат депутаты Б.Сүлейменов сынды елге белгілі азаматтар қатысты.

Атаулы конференцияда Елбасының мақаласындағы басымдықтарға тоқтала келе, соның ішінде ұлттық сананы дамыту мен жаңғырту, латын алфавитіне көшу, «Туған жер» бағдарламасын жүзеге асыру сынды көптеген мәселелер ой талқыға салынды.

«Бұл тарихи маңызы бар мақала – барлық аймақтың ажарын ашып, жас ұрпақтың бойына патриоттық тәрбие сіңіретін игі бастама» – делі, жиын модераторы ҚР Ардагерлер ұйымы Орталық Кеңесі төрағасының бірінші орынбасары Өмірзақ Озғанбаев.

Келелі отырыс барысында көптеген пікірлер білдіріліп, жастар да өзіндік ойларын ортаға салды.

«АЛАШТЫҢ АЙБЫНДЫ ҰЛДАРЫ»

Жуырда «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейінің кітапхана бөлмесінің оқырмандар залында Алаш қозғалысына 100 жыл толуына орай ұйымдастырылған «Алаштың айбынды ұлдары» атты фото және кітап көрмесінің ашылуы болып өтті.

Көрменің ашылуына «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейі қызметкерлерімен бірге, № 23 жалпы орта мектебінің 9 сынып оқушылары қатысты. Оқушылар Алаш қозғалысының тарихы, Алаш қайраткерлері, олардың ерен еңбектері мен батылдығы, Алаш зерттеушілері мен мұралары, сондай-ақ түркістандық Алаш қайраткерлері жайлы толық танымдық мәлімет алды.

Көрме экспозициясында Алаш қозғалысы тарихы жайлы сыр шертетін



бірегей фотосуреттер, баспасөз беттеріне басылған мақалалар, Алаш көшбасшылары Әлихан Бөкейханов, Мұстафа Шоқай, Ахмет Байтұрсынұлы, Нәзір Төреқұлов жайлы еңбектер және музейміздің баспа өнімдері көпшілік назарына ұсынылды.

«ӘЗІРЕТ СҰЛТАНДА» ЕРЕКШЕ КӨРМЕ АШЫЛДЫ



«Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейінің ұйымдастыруымен Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің «Кітапхана» бөлмесінде «Тұлпар сұлу көрінер әбзелімен» көрмесінің ашылуы болып өтті.

Аталмыш көрмеге еліміздің он төрт облысынан және Алматы мен Астана қалаларынан Халықаралық «Ясауитану» байқауына қатысушы оқушылар мен ұстаздар, қала тұрғындары мен қоғамдастық және музей қызметкерлері қатысты.

Өткенді ескермей-ертеннің жоқтығын «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру»

мақаласында баса айтқан Елбасының сөзін басшылыққа алған көрме ұйымдастырушылары музей қорында сақталған халқымыздың бай тарихы жайлы баяндайтын, көздің жауын алатын жәдігерлерді көпшілік қауымға таныстырып, насихаттауды мақсат тұтқан. Осы орайда көрме экспозициясын құруда Е.Мұташев, Д.Адиев, Т.Жолдасовтардың еңбегі атап өтуге тәлім лайық.

Музей қорындағы экспозицияға қойылған ат әбзелдері туристер мен келушілер назарына тұңғыш рет ұсынылып отыр.



ШЕБЕР

Мұташев Еділ - Отырар ауданы, Көксарай елді мекенінің тұрғыны. 2006 жылы М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің «Сурет және сызу» мамандығы бойынша тәмамдаған. Қазақтың ұлы ақыны Абай Құнанбайұлының «Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға» деген қағидасын ұстаған кейіпкеріміз Мұташев Еділ еңбек жолын Оңтүстік Қазақстан облысы, Отырар ауданына қарасты Сарыкөл ауылында мектепте мұғалімдіктен бастаған.

2007 жылы «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейіне суретші-жаңғыртушы болып қабылданды. Білімін жетілдіру мақсатында, Алматы және Ресейдің Мәскеу қалаларында арнайы тағлымдамалар өтті. Ол қорық-музейдің қаншама құнды жәдігерлерін қайтадан қалпына келтіріп, ғұмыр сыйлады. Оның қолынан шыққан жеке туындылары еліміздің түкпір-түкпірінде өткен көрмелердің төріне қойылып, көпшіліктің қызығушылығын тудырды. Еділдің алғысына бөленген шебер жігіт жұмысқа да сыйлы. Отбасында екі ұл, бір қызды тәрбиелеп отырған әріптесіміздің алдағы уақытта да шығармашылық биіктерді бағындырары сөзсіз.

Серік МАЕКТЕГІ,
Қазақстан Журналистер Одағының мүшесі

ФОТОЭТЮД



...Ақ кимешек киген бір кемпір көрсем,
Ақ кимешек астынан сені көрсем.
Өңі-түсі өзіңнен бір аумамайды,
Немересін ертпесе жүре алмайды.
Таныс дауыс, таныс сөз, таныс мәсі,
Көзіме отпай басылып, алаулайды.
Аппақтығы ұқсайды өрінің де,
Әжімің де, аумамайды тәлімің де.

...Әлемдегі өженің бөрі бір ме?!...
...Қия өтпейді...
Ұқсайды ізеті де,
(Ізетсізді бұлар да түзетуде.)
Бұлар да бабасынан алып қалған,
Өз жұртының дәстүрін күзетуде...
..Ақ кимешек көріңсе, сені көрсем,
Ақ кимешек жоғалса...
Неңі көрсем???

ҚОРҚЫТ АТАНЫҢ НАҚЫЛ СӨЗДЕРІНІҢ ТӘРБИЕЛІК МӘНІ



Қорқыт Ата – түркі халықтарына ортақ ұлы ойшыл, жырау, қобызшы. Қорқыт Ата өмірде ізі, артында қолтаңба қалдырмай, қобызшы мұрасы қалған тарихи тұлға ретінде де белгілі. Қорқыт Атаның өмір сүрген кезеңі туралы әр түрлі болжамдар айтылады. Алайда зерттеулердің көпшілік деңгейі Қорқыт Ата Сырдария бойында өмір сүрген оғыз-қыпшақ тайпалық бірлестігінде 10 ғасырдың басында дүниеге келген деген тұжырымға саяды. Рашид әд-Дин «Жамиғ Ат-Тауарих» атты тарихи шежіресінде Қорқыт Атаны қайы тайпасынан шыққан десе, Әбілғазының «Түрік шежіресінде» оның тегі баят екендігі, 95 жасқа келіп қайтыс болғандығы айтылады. Сыр жағасына жақын жерде Қорқыт Атаның зираты болғанын Ә.Диваев, т.б. ғалымдар өз еңбектерінде атап өтеді. Қазақ философиясы тарихында Қорқыт Ата – ел бірлігін нығайтқан кеменгер қайраткер, түркі дүниетанымының негізін жасаған ғұлама ойшыл, әлемдік ақыл-ой мәдениетінде өзіндік орны бар философ-гуманист ретінде көрінеді. Қорқыт Ата жайындағы аңыздардан оның бойындағы үш түрлі қасиеті ерекше айқындалады. Біріншіден, ол оғыз-қыпшақ ұлысынан шыққан айтулы бақсы. Екіншіден – күйші, қобыз сарынын алғаш туындатушы өнерпаз. Үшіншіден – әйгілі жырау, оның жырлары оғыз-қыпшақ өмірін бейнелеген әдеби-тарихи мұра. Түркі халықтарының фольклорындағы Қорқыт Ата туралы аңыз әңгімелердің бірі оның туылуына байланысты айтылады.

Ел аузында Қорқыт туралы аңыз көп тараған. Бір аңызда: оның ерекше туу тарихы, анасының оны үш жыл көтергені, ұзақ толғатқаны, сәби дүниеге келер кезде аспанды кара бұлт басып, найзағай ойнағаны, нөсер жаңбырдың күйганы, адамдардың бұл құбылыстан қатты қорқып, балаға Қорқыт деп ата қойғаны, бала туған кезде аспан шайдай ашылып, әлемге күн сәулесінің төгілгені, сәбидің бірден сөйлеп кеткендігі айтылады. Тағы бір аңызда Қорқыт желмағая мініп алып, өлмейтін жол іздеу үшін дүниенің төрт бұрышын түгел аралайды. Бірақ оның алдынан шыққан көк майса «қурап, солдым» деп, аспанмен тілдескен асқар тау «бұрын сәулелетті едік, мыжырайып біттік» — деп мұнаяды. Жапырағы сарғайған кара орман қайғымен басын шайқайды. Ол қайда барса да көр қазып жатқандарға кездеседі. Қорқыт өлімге қарсы ем іздеуге әрекеттенеді, бірақ ол еңбегінен ештеңе шықпайды. Соңында «өлмейтін нәрсе жоқ екен» деген қорытынды жасап, өмірінің кейінгі кезін қобызда мәңгіліктің күйін тартумен өткізеді. Өлмеуді, мәңгі өмірді қобыз үнінен іздейді. Ол күйлерін толассыз тартып, дүниеден өтеді. Қорқыт бабамыз асқан күйші ғана емес, қазақ музыкасының, ән — күй өнерінің атасы. Күйші қобызды бірде тағдырдың қайғы — мұңын шертіп, ботадай боздайды, бірде мәңгілік өмір мен сұлулық жырын төгіп, аққудай сызыла сұңқылдайды.

Қорқыт Атаның кеңестері далалықтардың қоғамдық өмірінде үлкен рөл атқарды. Олар күні бүгінге дейін халық даналығы шоғырланған мақал мен мәтелдер ретінде қабылданады. Оның қанатты сөзге айналған нақыл сөзі мынадай: «Қар қалың жауса да, көктемге дейін қалмайды, жайқалып өскен көк майса күзге дейін қалмайды. «Ескі мақта мата болмас, ескі жауың дос болмас», «Сулар тарам-тарам болып, қаншама тасып аққанымен, теңіздерді толтыра алмайды», «Менмен, тәжәппар адамды тәңірі сүймейді, басқалардан өзін жоғары ұстаған адамға тәңірі бақ бермейді», «Қара есектің басына жүген таққанмен тұлпар болмас», «Қар қаншама қалың жауғанмен - жазға бармас, гүлденіп өскен бәйшешек күзге бармас», «Тозған мақта бөз болмас, ежелгі жау ел болмас», «Қайыспас қара балтасыз жау алынбас», «Мыңғырған мал жиғанмен, адам жомарт атанбас», «Анадан өнге көрмеген қыз жаман, атадан тағлым алмаған ұл жаман. Ондай бала ел басын құрап, үйінен дәм беруге жарамайды».

Қорқыт Атаның тұрмыстық қажеттіліктерге байланысты нақыл сөздері де жетерлік, солардың бір тобы мынандай:

Ер жігітке кара таудай мал бітсе, жияр, көбейтер, талап етер, бірақ несібінен артығын жемес.
Мыңғырған мал жиғанмен адам жомарт атанбас,
Ондай бала ел басын құрап, үйінен дәм беруге де жарамайды.

Алла, алла демейінше іс өнбес, қадір тәңірі демейінше ер байымас

Баба малынан не пайда, баста дәулет болмаса
Қонақ келмеген кара үйдің құлағаны игі
Шабуын білмеген оқалы (үкілі) қылыштан шоқпар артық

Жалған сөз бұл дүниеде болмаса игі
Жол қиындығын көрмеген, жабы мінген жігітке Қап тауының арғымағын мінгізуден пайда жоқ

Ата даңқын шығарып, өзінің тегін қуған балаға ешкім жетпейді

Есекке қанша жүген салғанмен ат болмас
Төкалпарды тәңір сүймес
Ат тұяқты келеді, ақын тілді келеді
Өтірік сөз өрге баспайды

Қорқыт ата мұрасы өшпейтін, ескірмейтін асыл қазына екенін осылардың өзі-ақ дәлелден тұрғандай. Ол елді бірлікке шақырған, жастарды тәлім-тәрбиеге бейімдеген гираттық шығармаларымен ерекшеленіп тұрған ұлы тұлға.

Талғат ОРАЗОВ,
экскурсовод

БЕТ ӨЗІЛІ

Мемлекеттік
Қызметкер
және ИТ

– Менің итім 20 күнде «отыр», «жат», «тұр» деген сөздерді үйреніп алды.
– Ятырай-а, сенің итің 20 жылдан бері 20 қазақша сөз үйрене алмай жүрген шенеуніктерден ақылды екен ғой.



ҚҰРЫЛТАЙШЫ

«Әзірет Сұлтан»
мемлекеттік тарихи-
мәдени қорық-
мұражайы

Бас редактор
Өбдікерім МАНАПОВ

Жауапты хатшы
Дәулет
ҚОЖАМҰРАТОВ

Беттеуші-дизайнер
Самат ТАЛҒАТҰЛЫ

Редакцияның
мекенжайы:
Түркістан қаласы,
Тәуке хан даңғылы,
282 «А» үйі
e-mail: azret-sultan@mail.ru

Байланыс:
8 (72533) 3-23-00

Газет Қазақстан
Республикасының Ақпарат
және коммуникация
министрлігінде 2016 жылғы
21 қыркүйекте тіркеліп,
№16154-Г куәлігі берілген

Газет айына 1 рет шығады

Индекс 161200

■ Газетке жарияланған материалдарды көшіріп басқан жағдайда сілтеме жасалу міндетті.

■ Автордың мақаласы мен жарнама мазмұнына редакция жауап бермейді.

■ Қолжазбалар өңделеді және кері қайтарылмайды.

ТАРАЛЫМЫ – 1000 ДАНА

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді.

«ERNUR-print» ЖШС-нің баспаханасында басылды. Шымкент қаласы, Т.Өлімқұлов көшесі, 22 үй.

Кезекші редактор
Берік БАЙБОЛОВ

Талпырыс №